



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

~~Жазғы демалыс кезіндегі~~
~~қауіпсіздік қамтамасыз~~
ету туралы

№ 587

04.04.2025 ж.

Білім басқармасы балалардың сауықтыру демалысын және бос уақытын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған іс-шара жоспары негізінде суға шомылу кезіндегі тәрбиеленушілердің, оқушылардың, студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының (мектеп, колледж директорлары) және қосымша білдім беру ұйымдарының басшылары: Р.Кушибаеваға, В. Моторинге, Н.Тяженовке, директордың м.а А.Сұлтаналиевке:

- Жазғы маусымның басталуына байланысты тәрбиеленушілердің, оқушылардың, студенттердің жазғы мезгіліндегі лагерь кезіндегі (білім беру ұйымының ғимараты ауласындағы шұңқырлардың, ғимарат қоршауының, терезесінің баспалдақ жақтауының, т.б. жерлердегі) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін;
- Жазғы мезгіліндегі лагерь кезіндегі (білім беру ұйымының ғимараты ауласындағы алаңдардағы футбол ойынының қақпасы, жүзу бассейндегі барлық қауіпсіздік талаптары, баскетбол, волейбол алаңындағы сеткалардың орнатылуы, жүгіру алаңының жолағы, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін жерлердің) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін;
- Үстіміздегі жылдың 25 мамырына дейін жазғы мезгілдегі оқушылар мен студенттер, әр білім алушының ата-аналары арасында суға шомылу және лагерь кезіндегі жеке басының қауіпсіздігін сақтау шараларының арнайы журналы толтырылып, оқушылардың танысу қолдары қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;
- Жазғы маусым кезінде мектеп жанындағы, археологиялық, спорттық, спорттық-туристік, маусымдық лагерь ұйымдастырған жағдайда, оқушылармен бірге жорық ұйымдастыруда, сол сияқты кез келген маусымдық іс-шара (ашық және бассейнге апару), республикалық, қалалық, мектепшілік іс-шара өткізілген уақытта оқушылар мен студенттердің ата-аналарымен сақтық шаралары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әрбір оқушы мен студенттің қатысуына рұқсат берілген қолхаты мен келісімі жазбаша түрде алынсын;

- Жазғы маусымның басталуына байланысты тәрбиеленушілердің, оқушылардың, студенттердің, мектеп түлектерінің суға шомылу кезіндегі (өзен, тоғандар арнайы белгі қойылмаған жерлерде рұқсат етілген жағажайда, ашық және жабық бассейндерде т.б. жерлерде) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін;
- Аз қамтылған және отбасы жағдайы төмен жанұялардың балаларының бассейндерге (мектеп және оқушылар сарайларындағы) тегін қамтамасыз етілуін, сонымен қатар суға шомылу кезіндегі жүзуді үйренудің теориялық ережелерін қатаң сақтау ескертілсін;
- Білім беру ұйымдары ғимаратының террористік тұрғыдан осал объекті ретінде қорғалуы, арнайы мамандарылған күзет, бейнебақылау камераларының үнемі жұмыс істеуі қадағалансын;
- Суға шомылу кезіндегі және т.б адам өміріне қауіп келтіретін оқыс оқиғалардан сақтанудың алдын алу шараларын өткізу, ата-аналарға, оқушыларға, студенттерге жадынама таратылып, Төтенше жағдайлар департаментінің, Полиция департаментінің қызметкерлерімен кездесулер, бейнероликтер көрсетіліп, жол қауіпсіздігі туралы жадынамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;
- Төтенше жағдайлар департаментінің ұсынған барлық хабарланған мағлұматтар (орт, су, кез-келген төтенше жағдайдың алдын алу шаралары бойынша) оқушылар мен студенттерге уақытында жеткізілсін;
- Оқушылардың жазға маусым кезінде лагерлерде қауіпсіз тамақтануы ұйымдастырылсын;
- Балалар жазда қауіпсіздік сақтауы үшін ата-аналарға кеңес беру (мектептер бекітілген емханалармен байланысып: ата-аналарға арналған ақпарат бұрышы, буклеттер, жадынамалар, ақпарат парақшаларын, электронды ақпарат көздеріне сілтемелер, «Ішек аурулары», «Кене энцефалиті», «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау», «Қызылша туралы не білесіз?», «Алғашқы көмек көрсету», «Көкеніс.Дәрумендер» атты санитарлық бюллетендер жсыднама тарату) бұрышы ұйымдастырылсын;

2. Білім беру ұйымдарының басшылары жазғы маусым кезінде лагерлерде (мектепшілік, профильді, маусымдық, спорттық, спорттық-туристік, шатырлы, киіз үйлі және т.б) білім алушылардың қатысуымен өтетін кез-келген іс-шараларда және суға шомылу кезіндегі оқушылар мен студенттердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына тікелей жауапкершілік және осы бұйрықтың орындалуы мекеме басшысына жүктелсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау басшының орынбасарлары Н. Еламановқа, С. Адылбаевқа, М. Каирбаеваға жүктелсін.

Басшы

Орын: Г. Тұяқова
тел: 55 67 57



Қ. Сенғазыев

